

*Қожаберген жырау Толыбайұлының
350-жылдық мерейтойына арналған
Республикалық ғылыми-практикалық
конференция*





*Қожаберген
Толыбайұлы (1663-
1763 жж.) - қазақ
халқының белгілі
қайраткері, жырау,
батыр және
қолбасшы*



- * *Қожаберген Толыбайұлы кең-байтақ жерімізді, бытырай қонған елімізді қызғыштай қорғаған атақты батырларымыздың бірі. 1688-1710 жылдары қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен жасағына қолбасшылық жасаған ордабасы, ірі тарихи тұлға. Атақты «Жеті жарғы» ханнамасын жазуға қатысқан мемлекет қайраткері. Қазақ халқының ерлігін, елдігін жырлаған ақын-жырау.*

- * *Қожаберген Бұқара,
Самарқанд және Үргеніш
медреселерінде араб,
парсы тілдерін меңгеріп,
мұсылман діні және
шығыс әдебиеті бойынша
білім алды.*









*Қожаберген
Толыбайұлы Бұқара-
Самарқанд
шаһарларында білім
алған атақты қазақ
ойшылы*

* *Қожаберген жырау
1763 ж. жүз жасқа
қараған шағында өз
туған мекені Гүлтөбе
өңірінде қайтыс
болды.*



Қожаберген бабамыздан қалған рухани мұра мен зерттеу еңбектері



ДАУЫЛПАЗ БАБА — ҚОЖАБЕРГЕН

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз—7
Д 19

А. Тасболатов — құрастырушы, кітапты шығаруға жауапты

Редакция ақшасы:

Б. Тұрғараев — «Жеті жарғы» және Қожаберген жырау» қоғамдық қорының төрағасы.

С. Жұмабаев — кітапты баспаға дайындаған.
Ж. Ахметов

Д 19 Дауылпаз баба — Қожаберген жырау (шығармалар жинағы мен зерттеулер). — Алматы, Мектеп 2011. — 464 б.

ISBN 978—601—293—592—9

Қожаберген Толыбай сыншыұлы (1663—1763) кең-байтақ жерімзді, бытырай қонған елімізді қызғыштай қорғаған атақты батырларымыздың бірі, 1688—1710 жылдары қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен жасағына қолбасшылық жасаған ордабасы, ірі тарихи тұлға. Атақты «Жеті жарғы» заңнамасын жазуға қатысқан мемлекет қайраткері. Қазақ халқының ерлігін, елдігін жырлаған ақын-жырау.

Бір өкініштісі, Қожаберген бабамыздың баға жетпес әдеби мұралары толық сақталмады. Сақталғандары осы уақытқа дейін халыққа жетпей, зиялы қауым және ғалымдардың назарынан тыс қалып келді.

Батыр бабамыздың оқырмандарға ұсынылып отырған осы шығармалар жинағы мен зерттеулері оны тереңрек танып-білуге көмектесер деген ойдамыз.

А 4702250206—303
404(05)—11 183—11

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз—7

ISBN 978—601—293—592—9

© Тасболатов А. (құраст.), 2011
© "Мектеп" баспасы,
көркем безендірілуі, 2011
Барлық құқықтары қорғалған
Басшымының мүліктік құқықтары
"Мектеп" баспасына тиесілі

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ

3

Кенжесі ем Толыбай сыншы Қожаберген,
Бата алғам Өнет пенен Өз Тәукеден.
Күйзелген жұрт жағдайын көзбен көріп,
Өзегім өртенген соң жаздым өлең.

Қожаберген жырау

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ

Қазақ халқының XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген ақын-жырауларының, әнші, күйші, сазгерлерінің және халық батырларының бірі — Қожаберген жырау Толыбай сыншыұлы (1663—1763 жж.) екендігі баршаға аян. Толыбай сыншыұлы ақын немесе тек жай ғана батыр емес, қазақ халқының әскерін басқарған қолбасшы, әйгілі ғұлама, шежіреші. Оған оның өз шығармасы «Елім-ай» жыр-дастанының бірінші бөліміндегі мына шумақтар да айғақ бола алады:

Өнерге жас шағымнан күштар болғам,
Самарқанд, Бұхарадан білім алғам.
Атанып үздік шөкірт қатарында,
Ең үлкен медресесін тамамдағам.

Ерлікпен мағлұм болдым алыс-жатқа,
Ән шырқап, қобыз тарттық көңіл шатта.
Бітіріп медресені шыққаннан соң,
Имам боп он жетімде міндім атқа.

Он сегізде әйгілі балуан болып,
Он тоғызда іліндім батыр атқа.
Жиырмада имам болмай, ақын болып,
Сыймайтын іс жасадым шаригатқа.

Тіліне араб, парсы болдым жетік,
Оны да қолданбадым өнер етіп.
Шамамша қол бастаған сардар болып,
Мен жүрдім мұсылманға қызмет етіп.

“Елім-ай”

*Өнерге жас шағымнан құштар болғам,
Самарқанд, Бұхарадан білім алғам.
Атанып үздік шәкірт қатарында,
Ең үлкен медресесін тамамдағам.*

*Ерлікпен мағылұм болдым алыс-жатқа,
Ән шырқап, қобыз тарттық көңіл шатта.
Бітіріп медресені шыққаннан соң,
Имам боп он жетімде міндім атқа.*

*Он сегізде әйгілі балуан болып,
Он тоғызда іліндім батыр атқа.
Жиырмада имам болмай, ақын болып,
Симайтын іс жасадым шаригатқа.*

*Тіліне араб, парсы болдым жетік,
Оны да қолданбадым өнер етіп.
Шамамша қол бастаған сардар болып,
Мен жүрдім мұсылманға қызмет етіп.*





*2010 ж. Солтүстік
Қазақстан облысы
Жамбыл ауданы
Пресновка ауылында
Қожаберген
Толыбайұлына
ескерткіш
орнатылды.*